

DOI 10.52260/2304-7216.2022.3(48).12
 ЭОЖ 336.227.5
 FTAMP 06.73.15

Л.А. Медуханова*, э.ғ.к, аға оқытушы
 А.К. Мусаева, магистрант
 Ж.А. Оспанбаев, магистр, аға оқытушы
 Әл-Фараби атындағы
 Қазақ Ұлттық Университеті
 Алматы қ., Қазақстан
 * – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: medukhanova.l@gmail.com

ОФФШОРЛЫҚ БИЗНЕСТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада бүгінгі таңдағы оффшорлық бизнестің жағдайы талданады, сондай-ақ оның даму бағыттары мен экономикалық негіздерін қамтитын теориялық және де практикалық мәселелері қарастырылады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде мәселенің өзектілігі қазіргі әлемдік экономикада оффшорлық бизнестің жаһандық деңгейге жетуі және халықаралық корпорациялардың қызметін мемлекеттік және халықаралық деңгейде реттеуін күшейту ұмтылысымен байланысты екендігі негізделеді. Бұл мәселені соңғы жылдары, ЭБДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) көтеруде, мақалада осы бастамалар талданады.

Мақалада оффшоринг ұғымының құрамдас бөліктері, атап айтқанда, оффшорлық бизнес пен шетелдік аутсорсинг айырмашылықтары талданады, оффшорлық бизнестің пайда болуының экономикалық себептері мен негізгі артықшылықтары (мәселен, заңды түрде салықтарды үнемдеу, жоғары қауіпсіздік (құпиялылық) және т.с.с.) анықталады, сонымен бірге, ЭБДҰ шеңберінде экономикасы дамыған елдер ұсынған жаңартылған BEPS 2.0 екі компонентті жоспары қарастырылады. Осы жоспар бойынша ЭБДҰ-ның бірінші ұсынысы жаһандық минималды корпоративті салық туралы болса, екінші ұсынысы кейбір салық салу құқығын кірістер өндірілетін елдерге қайта бөлу туралы болғаны қарастырылады.

Қазақстаннан оффшорлық аймақтарға капиталдың жылыстауы туралы статистикалық деректер келтіріледі және оффшорлық бизнестің Қазақстандағы қазіргі кезде реттелу шаралары мен Қазақстан заңнамасына сәйкес БШК (бақыланатын шетелдік компаниялар) критерийлері қарастырылды.

Кілт сөздер: оффшорлық бизнес, шетелдік аутсорсинг, транзакциялық шығындар, экономикалық шығындар, трансұлттық корпорациялар, шағын және орта бизнес, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, BEPS (Base Erosion and Profit Shifting) 2.0, бақыланатын шетелдік компания.

Ключевые слова: оффшорный бизнес, зарубежный аутсорсинг, транзакционные издержки, экономические издержки, транснациональные корпорации, малый и средний бизнес, Организация Объединенных Наций, Организация экономического сотрудничества и развития, BEPS (Base Erosion and Profit Shifting) 2.0, контролируемая иностранная компания.

Keywords: offshore business, foreign outsourcing, transaction costs, economic costs, transnational corporations, small and medium-sized businesses, United Nations, Organization for Economic Cooperation and Development, BEPS (Base Erosion and Profit Shifting) 2.0, controlled foreign company.

Кіріспе. Қазіргі уақытта оффшорлық бизнес дүниежүзінің көптеген елдерінде қарқынды дамып келеді және әлемдік экономикада атқаратын рөлінің маңызы күшейді. Оффшорлық аймақтардың таралуы 1950 жылдардың аяғынан басталып, бүгінгі таңда халықаралық деңгейге ие болды. Оффшорлық бизнес халықаралық инвесторлар үшін бизнесті тиімді және пайдалы жүргізу әдісі, көптеген елдердің ұлттық экономикалары үшін оффшорларда тіркелген компаниялардың салық төлеуден жалтару өзектілігі артуда.

Мақаланың мақсаты – оффшорлық бизнестің қазіргі таңдағы жағдайын талдай отырып, оның экономикалық негіздерін және даму бағыттарын қамтитын теориялық және практикалық мәселелерді қарастыру. Тақырыптың өзектілігі қазіргі әлемдік экономикада оффшорлық бизнестің жаһандық деңгейге жетуі және трансұлттық корпорациялардың қызметін мемлекеттік және халықаралық деңгейде реттеуді күшейту ұмтылысымен байланысты. Бұл реттеудің мақсаты мемлекеттік бюджетке салық түсімдерін ұлғайту болып табылады. Бұл мәселені бірінші рет 2014 жылы ЭБДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) көтерді. Бүгінгі таңда әлемдік экономикада оффшорлық зоналарда бизнес жүргізу кеңінен қолданылады. Оффшорларға деген қызығушылықтың артуына байланысты олардың маңызы да арта түседі.

Бизнесмендерге бизнесті жүргізу және салықтық реттеу тұрғысынан неғұрлым икемді және тұрақты елде өз қызметін орналастыру маңызды болып табылады. Трансұлттық корпорациялар өз бизнестерін жаһандық кеңейту және салықты жоспарлау үшін жасайды. Google, Apple, Starbucks, Microsoft сияқты трансұлттық корпорациялар өз бизнестерін оңтайлы басқару үшін үнемі оффшорлық компаниялар құрып отырады және оларды корпоративті құрылымның бөлігі ретінде пайдаланады [1].

Мәселені зерттеу мақсатында шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектері және халықаралық ұйымдардың баяндамалары мен деректері зерттеліп талданды. Оффшорлық бизнестің экономикалық негіздері мен қазіргі дамуына талдау жүргізу кезінде келесі әдістер қолданылды: салыстырмалы-аналитикалық, ғылыми жалпылау, жүйелі талдау әдістері және экономикалық салыстыру әдістері.


Әдебиеттік шолу. Оффшорлық бизнестің әлеуетін, жағдайын, экономикалық себептері мен әсерін бағалауға шетелдік авторлардың, әсіресе Эльза Ниевес-Родригез, Лорена А. Паласиос, Виктор Квиньонестің «Оффшорлық аутсорсинг мотивациясын модельдеу: теориялық тәсіл» [2] еңбегі арналған. С. Дьянковтың «Компаниялар халықаралық салықтарды төлеуден қалай аулақ болады?» [3], соның ішінде ресейлік авторлар В.Д. Матвиенко, К.А. Дробышеваның «Оффшоры и их применение в современном мире» [4] еңбектеріне ерекше көңіл аударылды. Аталған авторлардың еңбектерінде оффшорлық бизнестің теориялық және практикалық мәселелері келтірілген. Мысалы, Петерсон Халықаралық экономика институты өкілі, Симеон Дьянков еңбегінде компаниялар халықаралық салықтарды төлеуден қалай аулақ болатыны туралы мәселелерді қарастырады.

Шетелдік авторлардың ішінде В.Д. Матвиенко және К.А. Дробышеваның еңбектерінде оффшорлардың әлемдік экономикадағы рөліне, оффшорлық заңнаманың өзгешеліктеріне ерекше мән бере отырып, талдау жасайды. Жұмыстың эмпирикалық базасы ЭЫДҰ, ФАТФ (Financial Action Task Force on Money Laundering – FATF), БҰҰ ресми деректері болып табылады.

Халықаралық бизнестің жаһандануына байланысты әлемдік экономикадағы оффшорлық сектордың ауқымы және оның ұлттық қаржы жүйелеріне әсері артты. Тиісінше, оффшорлық бизнеске жекелеген мемлекеттер тарапынан ғана емес, бірқатар халықаралық ұйымдар жағынан да қарсы тұру орын алды. Соңғы жылдары оффшорлық бизнеске әсіресе ЭЫДҰ көп назарын аударып отыр. Салық салуды төмендететін компаниялар үшін халықаралық салық салу саласындағы теріс әрекеттерді жою мақсатында ЭЫДҰ BEPS 2.0 жоспарын 2019 жылы ұсынған болатын. Жоспарға сәйкес, корпоративтік салықтың ең төменгі жаһандық мөлшерлемесін енгізеді.

Негізгі бөлім. Оффшорлық бизнес 1960 жылдары аймақтық тәжірибе ретінде басталған болатын, бірақ экономикалық ырықтандыру және телекоммуникация саласындағы жетілдірулер кәсіпкерлік қызметті бүкіл әлемде орналасқан фирмаларға беруге үлкен мүмкіндіктер жасады, бұл оффшорлық бизнестің өсуіне ықпал етті [2].

Қазіргі заманда оффшорлық бизнес бүкіл әлемдік экономикада әйгілі және жаһандық құбылысқа айналды. Сонымен қатар ғылыми әдебиеттерде оффшорлық бизнес ұғымының анықтамасы бірыңғай емес. Ағылшын ғылыми әдебиеттерінде оффшорлық бизнеске қатысты «оффшоринг» деген термин қолданылады. Оффшорингтің бірінші бағыты – оффшорлық бизнес, ал екіншісі – шетелдік аутсорсинг болып табылады. Оффшорлық бизнестің шетелдік аутсорсингтен айырмашылығы бар. Оффшорлық бизнес түсінігі трансұлттық корпорация қызметінен шығып отыр. Трансұлттық (халықаралық) корпорациялар шетелде өз шығындарын азайтуға ұмтылады және оған салық салуды азайту арқылы қол жеткізеді. Салық салуды азайтуды трансферттік бағалар арқылы жүзеге асырады. Шетелдік аутсорсингті ірі компаниялар да, шағын және орта бизнес (ШОБ) те жүргізеді. ШОБ ең алдымен шетелдік аутсорсинг арқылы транзакциялық шығындарды азайтуды көздейді (1-сурет).



1-сурет. **Оффшоринг ұғымының негізгі құрамдас бөліктері***

**[2] ақпарат көзі деректері бойынша құрылған*

Транзакциялық шығындардың төмендеуі оффшорлық компаниялардың пайда болу себептерінің бірі болып табылады. Транзакциялық шығындарға тікелей өнім өндіруге жатпайтын шығындар, бірақ қызметке қажетті барлық ақпаратты жинауға және іздеуге байланысты жанама шығындармен байланысты шығындар жатады. Транзакциялық шығындардың негізгі түрлері: келіссөздер жүргізу және келісім-шарт жасасу шығындары, техникалық сипаттама және меншік құқығын қорғау шығындары [5].

Сонымен қатар оффшорлық бизнес дегеніміз тек шетелдік аутсорсинг ғана емес, оффшорлық зоналарға жататын шет елдің территориясында немесе аралда бизнес жүргізуді білдіреді. «Оффшор» термині кеңінен таралған болса да, алайда заңнамада оның нақты түсінігі жоқ, ал экономикалық әдебиетте «оффшор» ұғымына әртүрлі анықтамалар беріледі. Мәселен, Б.А. Райзберг: «Орталық орналасқан елде тіркелген шетелдік компанияларға арнайы салық және басқа да жеңілдіктер беру арқылы шетел капиталын тартатын қаржы орталықтары», С.А. Басова: «Кәсіпкерлік қызмет үшін бірқатар жеңілдіктерді қамтитын нақты бизнес мәртебесі», С.А. Кузнецов: «Қаржылық-несиелік операцияларды жүргізу кезінде елеулі салық жеңілдіктерін беретін мемлекет аумағында құрылған немесе тіркелген компания» [4] деген анықтамаларды береді.

Оффшорлық бизнестің қызметін мемлекеттік және халықаралық деңгейде реттеу мәселесін талдау және шешу үшін, ең алдымен оны жүргізудің көптеген себептерінің арасында ең маңыздысы экономикалық себептерін, яғни негіздерін анықтау қажет. Бұл себептер бизнесті жүргізу шығындарының азаюымен негізделеді. Мәселен, тіркеу шығындары, жалақы, үй-жайларды сатып алу немесе жалға алу, көлік шығындары, ресурстарды сатып алу, соның ішінде ең маңыздысы, салық төлеуді азайту және құпиялылықты сақтау. Оффшорлық бизнесті жүргізу бірқатар негізгі артықшылықтарды береді:

- оффшорлық компанияны тіркеуіне қатысты қызмет көрсету шығындарының өте төмен деңгейі;
- үздік банктік қызметтер мен банктік инфрақұрылымға қол жеткізу;
- активтерді басып алу немесе сот ісінен қорғау, өйткені көптеген оффшорлық юрисдикцияларда басқа юрисдикциялардың сот бұйрықтары жарамсыз болады;
- заңды түрде салықтарды үнемдеу мүмкіндігі: салықтар аз немесе мүлдем жоқ, салық органдарына тексерілген есептер міндетті емес және әкімшілік шығындар аз болады;
- құпиялылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жоғары деңгейі [1].

Ақпараттық технологиялардың өсіп келе жатқан интернационализациясы халықаралық корпорацияларға өндірістік секторда да, қызмет көрсету секторында да шығындарды төмендетуден пайда табуға мүмкіндік берді. Технологиялар ақпараттық асимметрияны азайту арқылы транзакциялық шығындарды төмендетуде маңызды рөл атқарды, бұл қызмет көрсететін компаниялар үшін тиімді, өйткені олар негізінен ұсынылған ақпараттық технологиялар мен телекоммуникацияларға тәуелді. Шығындарды азайтуға әкелетін бизнес-қызмет модельдерінің дамуы мен эволюциясы оффшорлық қызметтердің өсуіне әкелді.

Қазіргі уақытта әлемдік капиталдың шамамен 25%-ы және әлемдегі қаржы ағындарының 60%-ы дәл осы оффшорлық аймақтар арқылы өтеді. Және де бүгінгі күні оффшорлық операциялар орталығының Кариб теңізі және Еуропа елдерінен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне, атап айтқанда Гонконг пен Сингапурға біртіндеп ауысуы, өз елдеріндегі салық салуды ырықтандыру және оның резиденттерінің шетелдегі бақылау қызметін күшейту есебінен оффшорлық және құрлық секторларының бірігуі қазіргі таңдағы оффшорлық бизнесті дамыту перспективалары деп айтуға болады. 1-кестеде 2020 жылғы ең ірі оффшорлық орталықтар Гонконг пен Сингапурдың реципиент-ел және инвестор-ел ретіндегі орындары көрсетілген. Осыған байланысты Гонконг пен Сингапурды қазіргі уақыттағы танымал оффшорлық орталықтар деп айтуға әбден болады.

1-кесте

2020 жылы ең ірі реципиент-елдер мен инвестор-елдер*

Реципиент-ел ретінде	Орны	млрд долл.	Инвестор-ел ретінде	Орны	Млрд долл.
Гонконг	3	114	Гонконг	9	44
Сингапур	4	78	Сингапур	12	33

* [6] ақпарат көзі деректері бойынша құрылған

UNCTAD есебінің деректеріне сүйенсек, Гонконг (114 млрд.) әлемдегі ең ірі оффшорлық аймақтардың бірі болып табылады. Одан кейінгі орында Сингапур орналасқан, оның инвестициялық мәмілелер көлемі 2020 жылы 78 млрд. АҚШ долл. құрады (кесте 1).

Негізінде, оффшорлық компания немесе корпорацияның басты ерекшелігі – ол құрылған елде шетелдік табысқа салық салынбайды немесе үлкен салық жеңілдіктері беріледі. Оффшорлық аймақтардың болуы бірқатар елдерде мемлекеттік бюджетке түсетін салық түсімдерінің төмендігінен бюджеттік дағдарыстың туындауына ықпал етті. Сондықтан қазіргі уақытта оффшорлық аймақтарды шектеу туралы даулар «жаңа қарқын» алуда. Оффшорлық аймақтарда тіркелген компаниялардың шыққан елдері оларға бизнесті жүргізу үшін оффшорлық аймақтардағыдай жағдайларды ұсына алмайды: салық ауыртпалығын азайту, тіркеу рәсімдерін жеңілдету, жеке деректерді қорғау, бизнесті икемді жүргізу, дауларды шешу үшін неғұрлым қолайлы құқықтық база құру, сондай-ақ шет елдердің қарыз ресурстарына қол жеткізу.

Тәжірибеде трансұлттық корпорациялардың салықтан жалтаруының кең тараған әдісі – трансферттік баға белгілеу арқылы баға манипуляциялау. Олар еншілес бөлімшелері бір-бірінен алынатын тауарлардың ішкі бағаларын манипуляциялауы салық төлемдерін қысқартуға мүмкіндік береді. Салығы жоғары елдегі фирма өз өнімдерін нарықтық бағадан төмен салық салынатын елдегі еншілес ұйымға сатады, бұл жоғары салық юрисдикциясында тіркелген пайданы азайтады және салығы төмен юрисдикциядағы еншілес ұйымның шығындарын төмендетеді. Салығы төмен елдегі бизнес төмен салықты юрисдикциядағы табысты ұлғайту және төменірек салық мөлшерлемесі бойынша көбірек пайданы сақтау үшін соңғы өнімді өзінің дистрибьюторларына жоғары нарықтық бағамен сатады.

Қазіргі халықаралық салық салу жүйесі салықтарды елдер арасында бөлу үшін жасалған, бірақ бұл жүйе теріс пайдаланушылыққа толы және ірі фирмалардың салық міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін жаңартуды қажет етеді. 2021 жылы 9 шілдеде 132 ел ЭЫДҰ елдері ұсынған екі компонентті жаңартылған BEPS 2.0 жоспарына қол қойды [3].

ЭЫДҰ мен Жапония үкіметі бірлесе отырып құраған BEPS (Base Erosion and Profit Shifting) жоспары – салық салынатын базаның жылыстауына қарсы іс-қимыл және пайданы салық салудан тысқары шығару жөніндегі стратегиясы болып табылады. Бұл бастама салық инверсиясына қатысу немесе материалдық емес активтерді төменгі салық юрисдикцияларына көшіру арқылы өз елінде салық салуды болдырмайтын немесе салық ауыртпалығын төмендететін компаниялар үшін халықаралық салық салу саласындағы теріс әрекеттерді жоюға бағытталған [7].

BEPS 2.0 жоспарына сәйкес қоғамдық талқылауға екі жоспар ұсынылды (Pillar 1 және Pillar 2): Pillar 1 – цифрлық экономика жағдайындағы юрисдикциялар арасындағы кірістерге салық салу құқықтарын бөлудің мүлдем жаңа тәсілі. Халықаралық корпорациялар табыс табатын елдерде салық төлеуі тиіс, тіпті олар физикалық түрде ол жерде орналаспаған жағдайда да. Бұл ереже рентабельділігі кемінде 10% құрайтын, ал айналымы жылына 20 миллиард еуродан асатын ірі

бизнес құрылымдарына қатысты. Бұл ережелер ІТ секторындағы компанияларға қолданылады және өндіруші өнеркәсіп пен қаржылық қызметтер секторындағы компанияларға қолданылмайды.

Pillar 2 – халықаралық компаниялардың ең төменгі салықты төлеу кепілдігін көрсетеді, яғни жаңа жаһандық ең төменгі корпоративтік салық мөлшерлемесін енгізеді. Кірістері 750 миллион еуродан асатын компаниялар үшін 15 пайыздық ең төменгі салық мөлшерлемесін енгізу жоспарлануда. Фирма қай жерде тіркелгеніне және қай жерден кіріс алатынына қарамастан, оны төлеуге міндетті болады [8].

Үкіметтер әлі де кез келген деңгейде корпоративтік салық мөлшерлемелерін белгілей алады, бірақ егер белгілі бір елде еншілес компаниялардың табысына 15%-дан төмен салық салынса, компанияның штаб-пәтері орналасқан елдің үкіметі салық салу деңгейі төмен юрисдикцияда тіркелген пайдаға қолданылатын салық мөлшерлемесін 15 пайызға дейін жеткізу үшін толықтыру салығын қолдана алады.

Жаңа ережелер келісілген болса, жекелеген елдердің цифрлық салықтарды (digital tax) енгізуінің біржақты процесін тоқтатуға және цифрлық компанияларға да, тұтыну тауарлары секторындағы компанияларға да салық салу тәсілін үйлестіруге мүмкіндік береді деп күтілуде. Цифрлық қызметтерге салынатын жаңа салық цифрлық алыптардың (Google, Apple, Facebook, Amazon және т.б.) қызметтеріне салық салуға бағытталған. Мұндағы, цифрлық салық (digital tax) немесе интернет салығы – Венгрия Үкіметінің алғаш рет 2014 жылы ұсынған бастамасы, ол әр гигабайт трафик үшін провайдерлердің мемлекеттік бюджетке аударымдарын қарастырады [9].

Корпоративтік салық салудың халықаралық жүйесін реформалау бойынша бұған дейінгі әрекеттер ерікті басқару қағидаттары мен үлгілік шарттармен шектелді. ЭЫДҰ мүшелері қалған мәселелерді екі негізгі бағыт бойынша талқылап, шешім қабылдауға, ал елдер 2023 жылы іске асыруды бастауды жоспарлауда. Бірақ көптеген техникалық мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр. Халықаралық корпорацияларды өз территорияларына тартқан кейбір елдер реформаларға қарсы болып отыр. Салық салынатын кірісті елдер арасында қалай және қайда қайта бөлу керектігін анықтау үлкен проблема болып қала береді [3].

ЭДЫҰ мүшелері жоспардың егжей-тегжейлері туралы келісе алса да, реформалар ұлттық салық заңнамасына жазылып, күшіне енуі үшін бірнеше жыл қажет болуы мүмкін. Бұл реформаларды ұлттық заң шығарушы органдардың билігінде қалдыра отырып, кейбір елдер жаңа ұсыныстармен үйлеспейтін ішкі салық саясатын қайта қарау немесе жою үшін жаңа заңдар қабылдауға мәжбүр болуы мүмкін. Тиісінше, екі ұсыныс бойынша елдердің келісімі реформалаудың және неғұрлым әділ және қазіргі заманғы халықаралық салық салу жүйесін құрудың ұзақ жолындағы алғашқы қадамы ғана болады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі BEPS жобасы аясында ЭЫДҰ стандарттарын енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. Міндетті қадамдардың бірі салық базасының жойылуына және салық салудан пайда алуға қарсы іс-қимыл жөніндегі көпжақты конвенцияға қосылу болып табылады. Қазақстан Республикасы осы конвенцияны 2020 жылғы 20 ақпанда ратификациялады. Қазақстан Республикасы ЭЫДҰ BEPS жобасы бойынша тағы бір міндеттемені орындады [10].

Қазақстанда да Республикасының Ұлттық банкі жыл сайын оффшорлық аймақтардың тізімін жариялап отырады. Ұлттық банк «қара тізімге» белгілі бір юрисдикцияларды қосып қана қоймай, олардың кейбірін алып тастап отырады.

Қазақстан заңнамасына сәйкес, бақыланатын шетелдік компания (БШК) – бұл шетелде, яғни оффшорлық зонада тіркелген, акцияларының немесе қатысу үлестерінің кемінде 25%-ын қазақстандық жеке немесе заңды тұлға иеленетін заңды тұлға. БШК-ні анықтаудың тағы бір критерийі – компанияның тіркелген елдегі кіріс салығының тиімді мөлшерлемесі 10%-дан аз болуы керек.

БШК-ні реттеудің басты мақсаты – бизнесті салық салу неғұрлым жеңіл елдерде тіркеп, салықты толық төлеуден жалтаратын, салықтарды төмендету әрекеттеріне қарсы тұру.

2018 жылға дейін салықтары төмен юрисдикцияларда компанияларға иелік ететін қазақстандықтарға салық салу мәселесі Салық кодексінің бір ғана бабымен реттелді. Онда салық міндеттемелері анықталған элементтердің тізімі көрсетілді: бұл тұжырымдамалық аппарат, пайданы есептеу әдістері, растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, салық есептілігінде көрсету мерзімдері мен тәртібі. БШК ұғымына жеңілдікті салық салынатын елдерде, яғни оффшорларда жұмыс істейтін компаниялар ғана жатқызылды.

Қазақстанда ЭЫДҰ-ның салықтық база жөніндегі жекелеген бастамаларын енгізуімен жағдай өзгере бастады. БШК-ның реттелуіне қазақстандықтар тікелей немесе жанама түрде 25%-дан астам

үлесті иеленетін немесе бақылайтын, ал бұл ұйым оффшорда немесе 10%-дан кем тиімді салық салу мөлшерлемесі бар елде тіркелген компаниялар түсті.

2018-2019 жылдары Қазақстан қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісім жасасқан мемлекеттердің компаниялары БШК-ның реттеуіне түскен жоқ болатын. Қазіргі таңда, мұндай юрисдикциялардың саны – 55, бұл тізімге: Ұлыбритания, Германия, Кипр Республикасы, Ресей және АҚШ сынды мемлекеттер кіреді.

Негізгі өзгерістер БШК анықтамасына қандай компаниялар түсетініне, БШК туралы ережелер қай елдерге қолданылатынына және БШК пайдасына қосарланған салық салу қалай жойылатынына әсер етеді.

Тұтастай алғанда, 2021 жылғы 1 сәуірде шетелдегі тікелей шетелдік инвестициялар нысанындағы қазақстандық активтер 29,8 млрд. АҚШ долл. құрады.

Қазақстанда ақшаның елден тыс жерлерге кетуіне байланысты алаңдаушылық бар. Tax Justice Network халықаралық ұйымының деректеріне сүйенсек, соңғы 20 жыл ішінде Қазақстаннан тек оффшорлық аймақтарға капиталдың жылыстауы шамамен 140 млрд. АҚШ долл. құрады [11].

Қазақстандық инвесторлар соңғы бес жыл ішіндегі өздерінің қаражаттарын салған оффшорлық юрисдикциялардың қатарына: Кайман аралдары, Британдық Виргин аралдары, Мэн аралы, Белиз, Сейшел аралдары, Гонконг, Сигапур, БАӘ және тағы сол сынды юрисдикциялар кіреді. Ең көп қаржы салынған оффшорлық юрисдикция Кайман аралы болып табылады. Ондағы қазақстандық инвесторлардың бес жылда салған қаржысының көлемі 1 855,1 млн. АҚШ долларын құрайды (кесте 2).

2-кесте

Қазақстандық инвесторлар соңғы 5 жылда ақша салған оффшорлық юрисдикциялар, млн АҚШ долл.*

Ел	2017	2018	2019	2020	2021	Барлығы
Кайман аралдары	133,4	218,1	424,4	333,3	745,9	1 855,1
Белиз	2,8	0,3	0,3	-2,5	-	0,9
Британдық Виргин аралдары	19,7	112,6	30,7	13,9	-	176,9
Мэн аралы		73,3	0,7	0,5	0,3	74,8
Маршалл аралдары	5,0					5,0
Сингапур	27,6	33,6	418,8	105,8	19,2	605
БАӘ	15,2	-2,8	46,0	31,7	67,6	157,7
Сейшел аралдары	0,6				224,4	225
Американдық Виргин аралдары				0,2	1,3	1,5
Гонконг	0,0	0,3	0,2	0,1	0,0	0,6
Люксембург	127,8	25,0	8,2	14,0	24,4	199,4

*[11] ақпарат көзі деректері бойынша құрылған

Осы мәліметтерге сәйкес, 2021 жылы қазақстандық инвесторлар бұл елдерге 340 миллион доллардан астам қаражат (шамамен 141 млрд. теңге) жіберген. Бұл қаражаттың басым бөлігі Британдық Кайман аралдарына түскен. Салық салуда жеңілдігі бар бұл юрисдикция оффшорларға салынған қазақстандық тікелей инвестициялар көлемі бойынша көш бастап келеді: соңғы бес жылда Кайман аралдарына шамамен 1,9 млрд. АҚШ долл. жөнелтілді.

2021 жылы тікелей инвестициялардың жалпы ағыны өткен жылғы көрсеткіштерден айтарлықтай асып түскен болатын. 2021 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында қазақстандық инвесторлардың шетелге тікелей инвестицияларының жалпы ағыны 1,5 млрд долларды құрады, бұл қазірдің өзінде 2020 жылғы көрсеткіштен (1,4 млрд доллар) асып түсті. 2020 жылдың қаңтар-қыркүйек айларымен салыстырғанда Қазақстаннан шетелге тікелей инвестиция ағыны бірден 35,8%-ға өсті [11].

2021 жылдың қыркүйек айында мәжілісмендер кірістерді жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен күрес бойынша заң жобасын қабылдаған болатын, онда шенеуніктердің кейбір санаттары үшін қосымша тексерулер туралы нормалар көзделген. Жобаға сәйкес, мемлекеттік лауазымды тұлғалардың ақша операциялары мен басқа да мүліктеріне бақылау орнатылады, бұл адамдардың тізімін

Президенттің өзі бекітеді. Ал қаржы мониторингі агенттігі өз кезегінде бұл адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының жеке тізімін жүргізетін болады [12].

Қорытынды. Оффшорлық бизнес – бұл белгілі бір салық және басқа да бірқатар жеңілдіктерді беретін аймақтарда бизнес жүргізудің түрі болып табылады. Оффшорлық бизнес ұғымы «оффшоринг» деген терминге негізделген. Оффшорингтің бірінші бағыты оффшорлық бизнес, ал екіншісі шетелдік аутсорсинг болып табылады. Оффшорлық бизнестің шетелдік аутсорсингтен айырмашылығы бар. Оффшорлық бизнес түсінігі халықаралық корпорациялар қызметінен шығып отыр. Олар шетелде өз шығындарын азайтуға ұмтылады және оған салық салуды азайту арқылы қол жеткізеді. Оффшорлық бизнесті жүргізудің экономикалық себептері – өз елінде қол жетімді емес икемді және жеткілікті ережелерді пайдалану: салықты үнемдеу, қызмет көрсету ақысы төмен, активтерді қорғау және халықаралық бизнес үшін қолайлы инвестициялық мүмкіндіктер арқылы компания құру, яғни бизнесті жүргізу шығындарын азайтумен байланысты.

Қазіргі кезде халықаралық ұйымдар үшін оффшорлық бизнестің қосымша салық бойынша мәселесі өзекті болып отыр. Бұл мәселе әсіресе IT саласындағы халықаралық корпорациялардың қызметіне қатысты маңызды. Алайда, халықаралық ұйымдар ұсынған салық реформаларының механизмі әлі де толықтай анықталған жоқ.

Қазақстан ЭЫДҰ-ның салықтық база жөніндегі бастамаларына қосылып отыр. Қазақстанның Ұлттық банкі оффшорлық аймақтардың жыл сайынғы тізімін жасайды және де «қара тізімге» белгілі бір юрисдикцияларды қосып қана қоймай, олардың кейбірін алып тастап отырады.

Халықаралық ұйымдармен ұсынылғандай, жеке мемлекеттердің де, әлемдік қауымдастықтардың да заңнамасын түбегейлі қайта қарау ұсыныстары қарастырылуы қажет. Өзге де халықаралық ұйымдардың қатысуымен оффшорлық бизнестің ашықтығын арттыру, әлемдік қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, салықтық ақпаратпен халықаралық алмасуды кеңейтуге бағытталған жобалардың сапасы артуы тиіс деген шешімге келуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Максаков А.11 причин для регистрации оффшорной компании в 2020-2021 годах. International Wealth, Крупнейший портал о международной защите и диверсификации активов. // <https://internationalwealth.info/offshore-company-formation/11-prichin-dlja-registracii-offshornoj-kompanii-v-2020-2021-godah/>
2. Elsa Nieves-Rodríguez, Lorena A. Palacios-Chacón, Myra Mabel Pérez-Rivera, Victor Quiñones-Cintrón Modeling the Motivations for Offshore Outsourcing: A Theoretical Approach. Innovar, vol. 28, no. 68. – 2018. – P.105-116.
3. Simeon Djankov How do companies avoid paying international taxes?. (PIIE) Peterson Institute for International Economics // <https://www.piie.com/blogs/realtime-economic-issues-watch/how-do-companies-avoid-paying-international-taxes>
4. Матвиенко В.Д., Дробышева К.А., Оффшоры и их применение в современном мире. Научная электронная библиотека Elibrary.ru // https://elibrary.ru/download/elibrary_38252271_24780404.pdf
5. Трансакционные издержки. Economic portal // <https://economicportal.ru/ponyatiya-all/transakcionnye-izderzhki.html>
6. World Investment Report | World Investment Report 2021 // <https://worldinvestmentreport.unctad.org/world-investment-report-2021/>
7. Jurisdictions under Increased Monitoring - February 2021 // <http://www.fatf-gafi.org/publications/high-risk-and-other-monitored-jurisdictions/documents/increased-monitoring-february-2021.html>
8. Глобальный налог для корпораций. Совкомблог // <https://sovcombank.ru/blog/biznesu/oblozhiliso-vseh-storon-chto-takoe-globalnii-nalog-dlya-korporatsii>
9. Простыми словами о BEPS 2.0. Налоговый обзор от экспертов PwC. Октябрь 2020 г., выпуск № 54 // <https://www.pwc.ru/ru/tax-consulting-services/assets/legislation/tax-flash-report-2020-54-rus.pdf>
10. Республика Казахстан исполнила еще одно обязательств по проекту ОЭСР BEPS. Портал ПНК «Налоги в Казахстане» // <https://nalogikz.kz/docs/respublika-kazahstan-ispolnila-esche-o.html>
11. Прямые инвестиции по направлению вложения. Национальный Банк Казахстана // <https://nationalbank.kz/ru/news/pryamyie-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya>
12. Закон по борьбе с нелегальным отмыванием денег приняли в мажилисе. Kazakhstan today // https://www.kt.kz/rus/state/zakon_po_borbe_s_nelegalnym_otmyvaniem_deneg_priynali_v_1377922281.html

REFERENCES

1. Maksakov A. 11 prichin dlja registracii offshornoj kompanii v 2020-2021 godah. International Wealth, Krupnejshij portal o mezhdunarodnoj zashhite i diversifikacii aktivov. // <https://internationalwealth.info/offshore-company-formation/11-prichin-dlja-registracii-offshornoj-kompanii-v-2020-2021-godah/> [in Russian]
2. Elsa Nieves-Rodríguez, Lorena A. Palacios-Chacón, Myra Mabel Pérez-Rivera, Victor Quiñones-Cintrón Modeling the Motivations for Offshore Outsourcing: A Theoretical Approach. Innovar, vol. 28, no. 68. – 2018. – P.105-116.
3. Simeon Djankov How do companies avoid paying international taxes?. (PIIE) Peterson Institute for International Economics // <https://www.piie.com/blogs/realtime-economic-issues-watch/how-do-companies-avoid-paying-international-taxes>
4. Matvienko V.D., Drobysheva K.A., Offshory i ih primenenie v sovremennom mire. Nauchnaja jelektronnaja biblioteka Elibrary.ru // https://elibrary.ru/download/elibrary_38252271_24780404.pdf [in Russian]
5. Transakcionnye izderzhki. Economic portal // <https://economicportal.ru/ponyatiya-all/transakcionnye-izderzhki.html> [in Russian]
6. World Investment Report | World Investment Report 2021 // <https://worldinvestmentreport.unctad.org/world-investment-report-2021/>
7. Jurisdictions under Increased Monitoring - February 2021 // <http://www.fatf-gafi.org/publications/high-risk-and-other-monitored-jurisdictions/documents/increased-monitoring-february-2021.html>
8. Global'nyj nalog dlja korporacij // Sovkomblog // <https://sovkombank.ru/blog/biznesu/oblozhili-sovseh-storon-chto-takoe-globalnii-nalog-dlya-korporatsii> [in Russian]
9. Prostymi slovami o BEPS 2.0 // Nalogovyj obzor ot jekspertov PwC. Oktjabr' 2020 g. / vypusk № 54 // <https://www.pwc.ru/ru/tax-consulting-services/assets/legislation/tax-flash-report-2020-54-rus.pdf> [in Russian]
10. Respublika Kazahstan ispolnila eshhe odno objazatel'stv po proektu OJeSR BEPS // Portal PNK «Nalogi v Kazahstane». – <https://nalogikz.kz/docs/respublika-kazahstan-ispolnila-esche-o.html> [in Russian]
11. Prjamyje investicii po napravleniju vlozhenija / Nacional'nyj Bank Kazahstana // <https://nationalbank.kz/ru/news/prjamyje-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya> [in Russian]
12. Zakon po bor'be s nelegal'nyim otmyvaniem deneg prinjali v mazhilise // Kazakhstan today // https://www.kt.kz/rus/state/zakon_po_borbe_s_nelegalnym_otmyvaniem_deneg_prinyali_v_1377922281.html [in Russian]

Медуханова Л.А., Мусаева А.К., Оспанбаев Ж.А.

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ И ПРОБЛЕМЫ МЕЖДУНАРОДНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ОФФШОРНОГО БИЗНЕСА

Аннотация

В статье анализируется состояние оффшорного бизнеса на сегодняшний день, рассматриваются как теоретические, так и практические вопросы, охватывающие его экономические основы и направления развития.

В результате проведенных исследований обосновывается, что актуальность проблемы связана со стремлением оффшорного бизнеса в современной мировой экономике достичь глобального уровня, что вызывает потребности усиления государственного и международного регулирования деятельности международных корпораций. Данную проблему в последние годы поднимает ОЭСР (Организация экономического сотрудничества и развития) и в статье рассматриваются ее инициативы.

В статье проанализированы составляющие понятия оффшоринга, в частности отличия оффшорного бизнеса от зарубежного аутсорсинга, определяются экономические причины и основные преимущества создания оффшорного бизнеса (например, законная экономия налогов, высокая безопасность (конфиденциальность) и т. д., а также рассматривается обновленный двухкомпонентный план BEPS 2.0 (Base Erosion and Profit Shifting), предложенный странами с развитой экономикой в рамках ОЭСР. Согласно этому плану, первое предложение ОЭСР было о глобальном минимальном корпоративном налоге, а второе предложение было о перераспределении некоторых налоговых прав на страны, в которых создаются доходы.

Авторами приведены статистические данные об оттоке капитала из Казахстана в оффшорные зоны, рассмотрены меры регулирования оффшорного бизнеса в стране в настоящее время и критерии КМС (контролируемые иностранные компании) в соответствии с законодательством Казахстана.

Medukhanova L., Mussayeva A., Ospanbayev Zh.

**ECONOMIC FOUNDATIONS AND PROBLEMS OF INTERNATIONAL
REGULATION OF OFFSHORE BUSINESS**

Annotation

The article analyzes the current state of offshore business, discusses both theoretical and practical issues covering its economic foundations and directions of development.

As a result of the research, it is substantiated that the relevance of the problem is associated with the desire of offshore business in the modern world economy to reach a global level, which causes the need to strengthen state and international regulation of the activities of international corporations. This problem has been raised in recent years by the OECD (Organization for Economic Cooperation and Development) and its initiatives are considered in the article.

The article analyzes the components of the concept of offshoring, in particular, the differences between an offshore business and foreign outsourcing, determines the economic reasons and main advantages of creating an offshore business (for example, legitimate tax savings, high security (confidentiality), etc.), and also considers an updated two-component BEPS (Base Erosion and Profit Shifting) 2.0 plan proposed by the countries with a developed economy within the framework of the OECD. According to this plan, the first proposal of the OECD was for a global minimum corporate tax, and the second proposal was for the redistribution of some tax rights to the countries in where income is generated.

The authors provide statistical data on the outflow of capital from Kazakhstan to offshore zones, consider the measures of regulation of offshore business in the country at the present time and the criteria of the CFC (controlled foreign companies) in accordance with the legislation of Kazakhstan.

